



## ҚАЗАҚҚА БӘРІМІЗ ДЕ ҚАРЫЗДАРМЫЗ

Украинада туып-өсіп, одан кейінгі бүкіл тағдырын Қазақстанмен байланыстырған Александр ГАРКАВЕЦТІ қазаққа таныстырудың қажеті жоқ. Ғылыми ортада жанкешті еңбекқорлығымен абыройға бөленген ғалым, филология ғылымдарының докторы, қыпшақ жазба мұраларын зерттеумен айналысып келе жатқан әлемдегі санаулы оқымыстылардың бірі Александр Гаркавец қыпшақ жазба мұраларының шын мәнінде аса бай тарихқа ие екенін салмағы 3,5 келі тартатын “Қыпшақ жазба мұралары” атты еңбегімен бұлтартпасыз дәлелдеген болатын десек, бұл жолы ғалым жоғарыдағы аталмыш томнан да салмақты орыс тілінде “Великая степь в античных и византийских источниках” жинағын жарыққа шығарыпты. Ол кісінің уақыттың қойнауларынан тауып, зерттеп, жарыққа шығарып жатқан ғылыми дүниелерін тек оқып шығудың өзіне арнайы дайындық керек.

– Александр Николаевич, жаңылмасам, ғылыми әлеуметтің қолына енді-енді тиіп жатқан осынау еңбегіңіз тарих қатпарларында көмескіленіп кеткен, түркі халқының түрлі болжамды жазба тарихы жайлы емес пе?!

– Бұл кітаптан, антикалық және византиялық жазба мұраларынан біздің дәуірімізге дейінгі XII ғасырдан бастап біздің дәуіріміздегі XV ғасырға дейінгі Еуразия даласында өмір сүрген халықтар мен олардың көршілері туралы деректерді табуға болады. Мұнда сонау Гомер, Эсхил, Пиндардан бастап, 150 автордың – тарихшылар мен географтардың, жазушылар мен мемлекет қайраткерлерінің 500-ге тарта шығармасы хронологиялық тәртіппен берілген. Бұл кітапта қазіргі ұлттар мен ұлыстардың атауы жоқ. Ол замандарда қазақ, орыс, тіпті славян деген атаулар әлі пайда болмаған. Сондықтан да бұл ғылыми жинақты қолына алған адам ондағы өзінің түп-тегін көптеген белгілерден, тұрмыс салты мен дәстүрлерден табады.

– Қыпшақ тіліндегі ең алғашқы жазба ескерткіш “Кодекс Куманикусты” бастырып шығаруды бала кезден көксеп келе жатырмын дейтінсіз. Бұл арманыңыз да орындалыпты, құтты болсын!

– XIII-XIV ғасырларда-ақ дүниеге келген қыпшақ тіліндегі ең алғашқы жазба ескерткіш “Кодекс Куманикус” 168 беттен тұратын үш мектеп дәптері. Жеті беті таза парак. Бұл мұраға менің қосқан үлесім оның толықтай орысша аудармасын жасадым. Бұл құнды ескерткіш қазір көпшілікке кеңінен танымал болғанымен, әлі де қарапайым халық оның игілігін көрген жоқ. Бұл жазба мұра бойынша талай ғылыми диссертациялар қорғалды, докторлық атақтар берілді. Әйтсе де бұл ғылыми құбылысты кәдеге асырып, онымен тікелей айналысып жатқан адамдар әлі де жоқ.

– Қырық жылға жуық уақыт бойы қаншама құнды тарихи қазыналарымызды көзіңіздің майын тамызып отырып, тарихтың өзіне қайта сыйға тарттыңыз. Біткен шаруаны қанағат тұтып, әлі де қолыңызды қусырып отырған жайыңыз жоқ. Дәл осы күндері нендей іспен айналысып жатырсыз?

– Есіңізде болса, “Қыпшақ жазба мұраларының” II және III томын жарыққа шығарсам деп тырбанып жатқанымды айтқанмын. Биыл осы томдардың басын жинастырып, бітірсем деп отырмын. Шетелдік және отандық әріптестерімнің айтуынша, бұл зерттеулер қыпшақтануды дамытудың жаңа кезеңіне жол ашпақ.

– Қарапайым көпшіліктің қолына түсе бермейтін “Қыпшақ жазба мұраларының” алғашқы томында неше түрлі қызықты деректер бар. Онда Мхитар Гоштың қыпшақ тіліне аударылған “Зандар кітабынан” бөлек, түрлі селекциялық тәжірибелер, мәселен, сүйексіз шабдалы мен өрік, суыққа төзімді жасыл райхан гүлін өсірудің, ауырмай-сырқамай 120 жыл өмір сүрудің құпиялары туралы айтылған. Ал алдағы уақытта қолға тиетін II-III томдардан елді елендетерлік нендей деректерді кездестіруге болады?

– Бұл кітаптың екінші томы қарапайым оқырманды мынадай тұстарымен елендеткен болар еді. Ең бастысы, Аристотель мен Платонды қыпшақ тілінде оқуға болады. Сондай-ақ оған дінтанушы Антон уағыздарының үш жинағы енеді. Ол энциклопедиялық білім мен таным иесі ғой. Армян, еврей, грек, латын, неміс тілдерін еркін білген. Сол ғасырларда барлық ғұламалардан цитаталар алып отырған. Біз әуе шары XVIII ғасырларда ойлап табылған деп есептейміз. Тексеріп қарасам, энциклопедияларда да солай жазылған екен. Ол болса XVII ғасырда, анығы 1630 жылы адамның жанын француздардың әуе шарымен салыстырады...

Ал “Қыпшақ жазба мұраларының” III томы таза қыпшақ сөздіктеріне арналады. Осы сөздіктерден байқағаным, егер тілдер дамитын болса, онда оның 50 пайызын кірме сөздер құрайды екен. Мәселен, қазіргі орыс тілінің немесе украин тілінің 80 пайызы кірме сөздер. Бұл тіл үшін қалыпты жағдай. Мысалы, биологиялық, медициналық терминдерді алайықшы, “клетка”, “оболочка”, “ядро” деген сөздер ғана орыстікі, қазақшасы да солай. Қалғаны, грек, латын сөздері.

– Александр Николаевич, әңгіме тіл жайына қарай ойысқанын пайдаланып, сіздің мемлекеттік тіл жөніндегі ойыңызды білсем деп едім.

– Біз қазақ тілін қайта жаңғыртамыз, құрамыз, мерейін асырамыз деп айтып, тырысып жатқанымызға біраз жылдардың жүзі болды. Қазір тіл саясатын кім қалай жасағысы келсе солай жасап жатыр деп есептеймін. Бұл мәселе 1988 жылдан бері бір орнында тұрған сияқты көріне береді.

Қазақ тілін дамытудың әдісі әлі де ғылыми емес, нұсқаушылық, тіпті әкімшіліктік деңгейден аспай отыр. Тілдің қолдану аясын кеңейтудің ғылыми әдісі бар ғой. Сол әдіс арқылы кезінде ирланд, еврей тілдері қайта сәтті жаңғырған жоқ па?!

Біз мемлекеттік тілімізді дамыту мен жаңғыртуды алғашқылардың бірі болып қолға алып жатқан жоқпыз. Украиндықтар да осы мәселемен бетпе бет келіп отыр. Олар да әскерін украин тілінде енді ғана сөйлетіп жатыр.

– Сіз осы пікіріңізді айтып, бұрын-соңды өзіңіз білетін ғылыми әдіс туралы ой бөлісіп көрдіңіз бе?

– Айтатын жерде айтып та жүрміз ғой... Сіз эстондардың іс жүзінде тілдерін қалай тірілткенін білесіз бе? Олар тілдерін қайта жаңғырту үшін әрбір сала

бойынша 80-нен астам сөздіктер шығарған. Шаштараз бен оның шаш алдырушысы, дәрігер мен емделушінің арасындағы мұндай тілдестіргіш сөздіктер үлкен істердің баспалдағы болды. Тым болмаса, осы әдісті пайдалансақ, соңғы 15 жылда әжептеуір тіл мәселесінде жақсы жетістіктерге жеткен болар едік. Ең бастысы, бұл істі жұртты қорқытпай бастау керек. Кезінде бүкіл қазақтар орыс тілін арнайы курстарға барып үйренген жоқ қой. Бәріміз де орыс тілін нан сұрап жеуді үйренуден бастадық...

Ал, қазір Қазақстанда тұратын қаншама ұлт өкілдері жоқ дегенде мың шақты қазақ сөзін білетінімізді өзіміз де байқамаймыз. Осы білген сөздеріміздің негізінде мемлекеттік тілді меңгеруді елді үркітпей жалғастыра беруіміз керек. Және өзінің ана тілін білмейтін немесе шала білетіндерді де “шала қазақ”, “мәңгүрт” деп шеттетіп, бөлектей берсек, олар бері қарай жүрудің орнына кері кете береді. Үлкен саясаттың кесірінен ана тілін ұмытып қалғандар тек қазақтар ғана емес. Менде 1948 жылы жарық көрген өте үлкен украин-орыс сөздігі болды. Оны жұрттың бәрі украин әліпбиімен жазылған “Орысша-орысша” сөздік дейтін... Қазақ тілінің қазіргі күйін талай тілдер басынан кешті.

– Айтқандай, “Қыпшақ жазба мұраларының” алғашқы томының жарық көргеніне де 3-4 жылдың жүзі болып қалды емес пе? Оны қазақ тіліне аудару мәселесі әлі күнге қолға алынған жоқ па?

– Қазақ тілі – менің отанымның тілі. Жақсылық көрсек те, қиындық көрсек те біргеміз. Шынымды айтсам, қазір қазақтай тарихын іздеп, зерттеп жатқан халық жоқ. Алайда біз осы әлемдегі ең кедей елміз бе деп кейде ойлаймын. 1300 бетті аударатын адам жоқ па? Аудармашыны, бұл еңбекті сеніп тапсыратын адамдарды өзім-ақ табар едім. Оның үстіне біраз адамдар тегін жұмыс істеуге әрекет етіп те жатыр. Ешкім ақша бергісі келмегеннен кейін, іс созыла береді. Осы арада мына нәрсені айтпай кетуге болмайды. Осы кітаптың кейбір бөлімдері Түркияда үш кітап болып, басқа адамдардың аты-жөнімен ұрланып жарияланғаны туралы түріктердің өзі электрондық поштамен қынжылып жазып жіберіпті. Анықтап айтқанда, бұны маған Анкара мемлекеттік университетінің түркология ұйымының меңгерушісі интернет арқылы хабарлады. Мұнан да бөлек тағы үш адам адал жолмен, менің келісіміммен осы кітапты түрік тіліне аударып жатыр. Қырғыздар да, Қазан татарлары да бұл кітапты аударуға кірісті.

Ал, біз неге өзіміздің түп-тамырымызды орыс тілі арқылы іздеуіміз керек. Мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейтеміз дейміз де, тарихымызды орысша жазып жатырмыз.

Иә, отыз жыл бойы орнымнан тұрмай жасаған жұмысымның нәтижесі халыққа қызмет еткенін көргім келеді. Әйтпесе, нан тауып жеудің басқа да жолдары бар.

– Сіз 11 жыл бойы Украин ұлттық орталығын басқардыңыз. 2000 жылға дейін “Украински новыны” газетін шығарып келсеңіз, соңғы жылдары ғылыми жұмыстарға басы бүтін ден қойыпсыз. Қазір бұл шаруамен кім айналысып жатыр?

– Қазір Қазақстандағы украин қауымдастығының төрағасы Михаил Парипса. Екеуміз құрдаспыз десек те болады. Бұл қауымдастық та, Михаил Сергеевич те Павлодарда тұрады.

Ал, “Украински новыны” газеті қазір Астанада шығып жатыр. Тарас Чернега дейтін жігіт осы істі жалғастыруды қолына алды. Бастапқыда “украин тілін дұрыс білмейтін Тарас қалай газет шығарады, өзі толық білмейтін ана тіліндегі басылымды қалай редакцияламақ” деп ойлаушы едім. Қиналса да еңбекқор, ізденімпаз болып шықты. Міне, тілді дамытудың нақты мысалы.

– Қазақстанға ең алғашқы украиндықтардың табаны 1768 жылы тиген екен. Бұлар патшалық және поляк әскерлері тұншықтырған антифеодалдық күтқару қозғалысына қатысушылар болыпты. Содан бері екі жарым ғасырдан астам уақыттан бері екі ұлттың өкілдері – украин мен қазақ бір-бірімен шәй деспей келе жатқан жайы бар. Ал сіз Қазақстанға бертінде көшіп келдіңіз.

– Айтайын деген ойыңызды түсіндім. Мен өзімнің тұңғыш жарым Ирина Дарханбаевамен Мәскеуде, аспирантурада оқып жүргенде танысып, 1974 жылы үйленген едік. Кейін 1987 жылы Иринаның әкесі Темірбай атамыз қайтыс болып, Ирина анасын жалғыз қалдырғысы келмеді. Содан біз Алматыға көшіп келдік. Бір жағынан түрколог ретінде бұл келіс маған да жақсы болды. Содан бері Қазақстанның суын ішіп, ауасын жұтып өмір сүріп келемін. Абырой-беделден де кенде болған жоқпын, көптеген жауапты, лауазымды қызметтер атқардым. Бала да, немере де сүйдім. Сол кезде мені түсіністікпен, үлкен адами сыйластықпен қарсы алған, қабылдаған, барлық кезде қолдаған, еңбегімді бағалаған қазақ ұлтының алдында әлі күнге дейін қарыздар сияқты сезінемін. Мен мұны адал еңбегіммен, бақай есепсіз ақтап келемін.

– Әңгімеңізге рахмет!

**Әңгімелескен Айнаш ЕСАЛИ, Алматы.**